

Ақмола облысы әкімдігінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N а-2/49 "Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 22 ақпандағы N А-2/68 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 15 наурызда N 3182 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы № А-1/11 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын орындау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N а-2/49 "Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесін бекіту туралы" (Ақмола облысының әділет департаментінде 2003 жылғы 25 ақпанда N 1570 болып тіркелген, 2003 жылғы 4 наурызда N 26 "Ақмолинская правда" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақ алынып тасталсын;

5-тармақ келесі мазмұнды жаңа редакцияда берілсін:

"Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін";

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінде :

3-тармақтың 2-тармақшасындағы "жұмыспен қамту мәселелері бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

барлық мәтін бойынша ""Жұмыспен қамту орталығы" Мемлекеттік мекемесі (ММ) (жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті орган)"» сөздері "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін.

Облыс әкімі

